



Владимир Путинмен кездесті

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ресей Президенті Владимир Путинмен Душанбеде кездесті. Бұл туралы Ақорданың баспасөз қызметі хабарлады.

Бұған дейін екі ел президенттері «Орталық Азия-Ресей» саммиті, ТМД мемлекеттер басшыларының кеңесі отырысына қатысқан болатын.

«12 қараша күні Сіздің шақыруыңызбен Ресейге сапармен барамын. Біз бұған ерекше мән беріп отырмыз. Бұл сапар екі ел арасындағы стратегиялық серіктестік пен одақтастық қатынастарға тың серпін береді деп ойлаймын. Қазақстан мен Ресейді шын мәнінде мәңгі одақтастық, стратеги-

ялық серіктестік және достық қарым-қатынастар байланыстырады. Көрсеткіштерге көңіл толады. Менің Ресейге жасайтын сапарымның алдында өзара сауда көлемі жоғары деңгейге жетті. Былтыр оның көлемі 28 миллиард долларды құрады. Ресей біздің экономикаға қаржы құйып отырған негізгі инвесторлардың бірі. Осы жылдар ішінде Ресей бизнесі Қазақстанға 26 миллиард доллардан астам инвестиция салды. Өткен жылдың өзінде елімізге 4 миллиард доллар инвестиция келді. Бірқатар ірі жобалар жүзеге асырылып жатыр. Жалпы құны 22 миллиард долларға жуық 114 жобаның іске асырылғанын мысалға алсақ та жеткілікті. Бұл бағыттағы жұмыс әлі де жалғасады», деді Мемлекет басшысы.

Владимир Путин өз кезегінде Қазақстанмен қарым-қатынасты жоғары бағалайтынын атап өтті.

«Екі ел арасындағы байланыстардың сипаты ерекше. Бұған Сіз бен біздің достығымыз ғана ықпал етіп отырған жоқ. Өйткені Қазақстан мен Ресей посткеңестік кеңістіктегі интеграциялық үдерістерге бастамашы болып келе жатқаны белгілі. Бізде тұрақты түрде назар аударатын екіжақты мәселелер жеткілікті. Өз тарапымынан Қазақстан-Ресей байланыстарын дамытуға қосқан үлесіңіз үшін Сізге алғыс айтамын. Екіжақты форматтағы осындай кездесулеріміз ынтымақтастығымызды дамыту үшін пайдалы болатынына сенімдімін», деді Ресей Президенті.

42 экологиялық жоба іске асырылады

Астанада Қазақстанның төрағалығымен Халықаралық Аралды құтқару қоры басқармасының екінші отырысы өтті. Премьер-министрдің орынбасары Қанат Бозымбаевтың төрағалығымен өткен іс-шараға су ресурстары және ирригация министрі Нұржан Нұржігітов, Өзбекстан Президентінің кеңесшісі Шухрат Ганиев, Тәжікстан Премьер-министрінің орын-

басары Сулаймон Зиёзода және Түрікменстанның ауыл шаруашылығы министрі Чарыяр Четиев қатысты. Ал бақылаушы ретінде Қырғыз Республикасының Су ресурстары, ауыл шаруашылығы және қайта өңдеу өнеркәсібі министрлігі Су ресурстары қызметі директорының орынбасары Абдыбай Жайлообаев қатысып отырды.

«Созақ үні»-ақпарат.



Аудан халқының назарына!

Созақ ауданының әкімі ТҰРЫСБЕКОВ МҰХИТ СЕКСЕНБАЙҰЛЫНЫҢ қазан айының 21-22 күндері Жартытөбе, Құмкент, Шолаққорған ауылдық округтері мен Таукент кентінің халқымен кездесуі!

Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 3 наурыздағы №826 «Әкімдердің халықпен кездесулерін өткізу туралы» Жарлығын іске асыру аясында Созақ ауданының әкімі Тұрысбеков Мұхит Сексенбайұлының Жартытөбе ауылдық округінің тұрғындарымен кездесуі 2025 жылы 21 қазан сағат 11:00-де «Жартытөбе ауылдық клубында» өтеді.

Жартытөбе ауылдық округінің азаматтарын жеке қабылдауы сағат 12:00-де болады.

Құмкент ауылдық округінің тұрғындарымен кездесуі 2025 жылы 21 қазан сағат 15:00-де Құмкент ауылдық мәдениет үйінде өтеді.

Құмкент ауылдық округінің азаматтарын жеке қабылдау сағат 16:00-де болады.

Шолаққорған ауылдық округінің тұрғындарымен кездесуі 2025 жылы 22 қазан сағат 11:00-де Шолаққорған ауылдық округі әкімі аппаратының мәжіліс залында өтеді.

Шолаққорған ауылдық округінің азаматтарын жеке қабылдау сағат 12:00-де өтеді.

Таукент кентінің тұрғындарымен кездесуі 2025 жылы 22 қазан сағат 15:00-де Таукент кентінің мәдениет үйінде өтеді.

Таукент кентінің азаматтарын жеке қабылдау сағат 16:00-де өтеді.



Созақ аудандық мәслихаты ШЕШІМ

09.10.2025 жыл №30

Созақ аудандық мәслихатының сегізінші шақырылымындағы кезектен тыс отыз бірінші сессиясын шақыру туралы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 10-бабының 2-тармағына сәйкес, Созақ аудандық мәслихатының сегізінші шақырылымындағы кезектен тыс отыз бірінші сессиясы 2025 жылғы 17 қазан, сағат 11.00-де, Шолаққорған ауылында шақырылсын.

Созақ аудандық мәслихатының төрағасы О.Жәмиев

Созақ аудандық мәслихатының депутаттары мен аудан халқының назарына!

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 10-бабына сәйкес, Созақ аудандық мәслихатының сегізінші шақырылымындағы кезектен тыс отыз бірінші сессиясы 2025 жылғы 17 қазан, сағат 11.00-де Шолаққорған ауылында шақырылатыны туралы Сіздерді хабардар етемін. Мекен-жайы: Шолаққорған ауылы, Жібек жолы көшесі, №16.

Депутаттарды тіркеу 17 қазан, сағат 09.00-ден бастап аудандық мәслихатта өткізіледі.

Аудандық мәслихаттың тұрақты комиссияларының бірлескен мәжілісі 2025 жылғы 17 қазан, сағат 10.00-де өткізіледі.

Сессияның қарауына мына мәселе ұсынылады:

Созақ аудандық мәслихатының 2024 жылғы 27 желтоқсандағы №165 «2025-2027 жылдарға арналған ауылдық округтер және кенттер бюджеті туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

Сессия қарауына келіп түсуіне қарай өзге де мәселелер енгізілуі мүмкін.

Созақ аудандық мәслихатының төрағасы О.Жәмиев

ШУ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ТҰРҒЫНДАРЫМЕН КЕЗДЕСУ ӨТТІ



Аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков Шу ауылдық округінің тұрғындарымен кездесті. Кездесуге ауыл ақсақалдары мен тұрғындар қатысып, округтің әлеуметтік-экономикалық дамуы мен атқарылып жатқан жұмыстар барысы кеңінен талқыланды.

Аудан басшысы округте жүзеге асқан және алдағы уақытта атқарылатын жұмыстар туралы жан-жақты баяндап, аудан көлеміндегі ірі жобаларға да тоқталып өтті.

Биылғы жылы Шу ауылында бірқатар ауқымды жұмыстар атқарылуда. Атап айтқанда, ауылда жабық шағын футбол алаңының құры-

лысы жүруде. Шу ауылдық клубы мен кіші футбол алаңы, балалар ойын алаңы ағымдағы жөндеуден өтті. Орталық саябақта абаттандыру жұмыстары жүргізіліп, ауыл кіреберісіне арқа орнату ісі қолға алынды. Сонымен қатар ауылға кіре беріс жол бойы жарықтандырылып, LED экран қойылды. Мұқанов, Иманбеков және Сәтбаев көшелеріне қиыршық тас төселіп, орташа жөндеу жүргізілсе, Абай және Салқауов көшелеріне асфальт төсеу жұмыстары аяқталды. Әйтеке би көшесіне жаяу жүргіншілер жолы салынуда. Бұдан бөлек, Шу ауылдық округі аумағында қатты-тұрмыстық қалдықтар полигоны мен ұсақ малдарға арналған тоғыт нысанының құрылысы жүргізілуде.

Кездесу барысында ауыл тұрғындары атқарылып жатқан жұмыстарға оң бағасын беріп, аудан басшысына ризашылықтарын білдірді. Сонымен қатар, бірқатар азаматтар өз ұсыныс-пікірлері мен өтініштерін жеткізді.

Жиын соңында бірқатар тұрғындар жеке мәселелері бойынша қабылдауда болып, жұмыспен қамту мен әлеуметтік қолдау мәселелері бойынша сұрақтарын қойды.

Аудан басшысы Мұхит Сексенбайұлы көтерілген мәселелерді назарға алып, тиісті сала басшыларына нақты тапсырмалар берді.

АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ
КЕЗЕКТІ ХХХ СЕССИЯСЫ ӨТТІ

Созақ аудандық мәслихатының кезекті отызыншы сессиясы өтті. Жиынға аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков, кенттер мен ауылдық округ әкімдері, бөлім және мекеме басшылары, құқық қорғау органдарының өкілдері, ардагерлер мен қоғамдық ұйымдардың мүшелері, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты.

Сессияның жұмысын аудандық мәслихаттың төрағасы Ордабек Жәмиев жүргізді. Күн тәртібінде ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына қатысты өзекті мәселелер қаралды.

Жиында аудан басшысы Мұхит Сексенбайұлы ауданда атқарылған жұмыстар мен алдағы міндеттері туралы кеңінен баяндады. Әр сала бойынша нақты көрсеткіштер мен жүзеге асырылып жатқан ауқымды жобаларға тоқталып, демеушілер мен жеке инвесторлардың қолдауымен іске асып жатқан жұмыстардың да маңыздылығын атап

өтті.

Сонымен қатар, сессияда аудандық білім бөлімі мен мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімдерінің есептері тыңдалды. Одан бөлек, аудандық мәслихаттың бірқатар шешімдеріне өзгерістер енгізу мәселелері қаралды. Атап айтқанда, 2025–2027 жылдарға арналған аудандық бюджетке түзетулер енгізу, округтік және учаскелік сайлау комиссияларының құрамына өзгерістер енгізу, бірқатар елді мекендер мен көшелерге атау беру мәселелері талқыланды. Сонымен бірге, аудан әкімдігі жанындағы үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл және ынтымақтастық жөніндегі кеңесті құру, сондай-ақ терроризмге қарсы комиссия құрамын жаңарту туралы ұсыныстар қолдау тапты. Мәслихат депутаттары сессияда қаралған мәселелер бойынша тиісті шешімдер қабылдады.

Тасты ауылында жалғасты

Аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков Тасты ауылдық округінің тұрғындарымен кездесті. Кездесу барысында биылғы жылы атқарылған жұмыстар мен алдағы жоспарлар жан-жақты баяндалды. Ауыл тұрғындары ұсыныс-пікірлерін білдіріп, көтерілген мәселелер бойынша сала мамандарынан тиісті жауаптар алды. Сондай-ақ бірқатар азаматтар жұмыспен қамту және әлеуметтік мәселелер бойынша жеке сұрақтарымен жүгінді.

Биылғы жылы Тасты ауылдық округінде бірқатар ауқымды жұмыстар жүзеге асырылды. Атап айтқанда, Тасты ауылдық округі әкімінің жаңа әкімшілік ғимараты салынды. Ауылға кіреберіс аймақтар мен балалар ойын және воркаут алаңдарына барлығы 5 бейнебақылау камерасы орнатылды. Тасты ауылында

А.Бейсенбаев көшесінен жабық футбол алаңының құрылысы жүргізілуде.

Сонымен қатар «Созақ-Тасты-Қылты» автожолының құрылысы толық аяқталып, ауыл ішіндегі Сейфуллин, Наурыз, Бауыржан және Амангелді көшелеріне асфальт төсеу жұмыстары да тәмамдалды. Бейсенбаев, Амангелді және №1 атауы жоқ көшелерге қиыршық тас төсеу жұмыстары жүргізілді.

Ауылдың инфрақұрылымын жақсарту бағытында да бірқатар шаралар атқарылды. Амангелді, Жібек жолы және Қырықкөпек көшелеріне көше жарықшамдары орнатылып, жыл соңына дейін А.Бейсенбаев және Жібек жолы көшелерін жарықтандыру жұмыстары аяқталмақ. Бұған қоса, Мәулен ата көпіріне ағымдағы жөндеу жүргізіліп, қосымша

трансформатор орнату арқылы 10 көшенің жарық жүйесі жақсартылды.

Тасты ауылында воркаут алаңы мен балалар ойын алаңы орнатылды. Сонымен бірге «Мен өз елімді жақсы көремін» монументі мен LED экран орнату жұмыстары атқарылуда. Мәдениет үйінің жанынан сквер салу, сондай-ақ ауыл кіреберісіндегі арканы безендіру жұмыстары да жоспарға енгізілген.

Бұдан бөлек, округ аумағынан қатты-тұрмыстық қалдықтар полигонының құрылысы жүргізілуде.

Кездесу соңында аудан басшысы Мұхит Сексенбайұлы ауыл тұрғындарының ұсыныс-пікірлері мен бұған дейінгі көтерілген барлық мәселелердің аяқсыз қалмайтынын атап өтті.

ҚЫЗЕМШЕК КЕНТІНДЕ ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫ ДАМУ
ЖҰМЫСТАРЫ ҚАРҚЫНДЫ ЖҮРГІЗІЛУДЕ

Биыл Қыземшек кентінде бірқатар әлеуметтік нысандар мен орталық саябақтар жаңғыртылып, жаңа демалыс және спорт алаңшалары пайдалануға берілді. Атап айтқанда, кенттің Орталық көшесінде шағын футбол алаңы салынды. Сондай-ақ №20, №22 және №23 үйлердің алдынан балалар ойын алаңшалары бой көтеріп, тұрғындардың игілігіне ұсынылды. Сонымен бірге, Шұғыла көшесі мен 2-ші мөлтек ауданында да осындай ойын алаңшалары орнатылды.

Қыземшек кенті әкімі аппаратының жанындағы (28х17 м) жаңа шағын футбол алаңының құрылысы аяқталып, пайдалануға берілді. Ал 1-2 мөлтек аудандар аумағында воркаут алаңдарын орнату жұмыстары мен мектепке апаратын бағытта велосипед жолағы бар аяқжол төсеу жұмыстары жақын күндері толық аяқталмақ.

Бұдан бөлек, №21 және №20 үйлердің маңындағы аллеяларға ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізіліп, тротуар төселіп, қоршаулар мен урналар жаңартылды. Кенттің орталық саябағында 1 000 шаршы метрден астам аумақ абаттандырылып, жаяу жүргіншілер жолдарына плитка төселді және қоршаулар жөнделді.

Қыземшек кентіндегі жаяу жүргіншілер жолдары мен баскетбол алаңында да жөндеу жұмыстары қарқынды жүруде. Мұнда 750 шаршы метр аумаққа тротуар плиткасы төселіп, 150 шаршы метр қоршау орнатылады.

Сонымен қатар, атауы жоқ айналма жол,



Сарыарқа және Шұғыла көшелеріне жарық шамдары орнатылды. Тайқоңыр елді мекенінің Ақжайық көшесіне де жарықтандыру жұмыстары жүргізіліп, елді мекенге қоқыс контейнерлері орнатылуда. Сондай-ақ Тайқоңырда жаңа футбол алаңы салынып, пайдалануға берілді.

Бұл жөнінде бүгін аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков Қыземшек кенті тұрғындарымен өткен кездесуде мәлімдеді. Кездесу соңында аудан басшысы тұрғындарды жеке мәселелері бойынша қабылдап, көтерілген өтініштерді жауапты сала мамандарымен бірлесіп шешу жолдарын қарастырды.

ЖУАНТӨБЕ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ
ТҰРҒЫНДАРЫМЕН КЕЗДЕСТІ

Аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков тұрғындармен кездесуін Жуантөбе ауылдық округінде жалғастырды. Жиын барысында аудан басшысы округ аумағында атқарылып жатқан жұмыстар мен алдағы міндеттер туралы кеңінен баяндап, тұрғындардың ұсыныс-пікірлерін тыңдады.

Тұрғындар ауылдағы оң өзгерістер мен ауданда орын алып жатқан игі істерге ризашылықтарын білдіріп, аудан басшысына алғыстарын жеткізді. Сонымен қатар, жеке қабылдауда жұмыспен қамту және әлеуметтік мәселелер бойынша өз сауалдарын қойып, өтініштерін айтты.

Аудан әкімі барлық көтерілген мәселелер назарға алына-тынын айтып, жауапты бөлім басшыларына нақты тапсырмалар берді.

Биыл Жуантөбе ауылдық округінде инфрақұрылымды жақсарту және елді мекенді абаттандыру бағытында бірқатар маңызды жобалар жүзеге асырылуда.

Атап айтқанда, қатты тұрмыстық қалдықтар полигонына апаратын жолға қиыршық тас төселіп, ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді. Абылайхан көшесіне асфальт жабындысы төселіп, жолдың сапасы жақсарды.

Қ.Омарұлы көшесінде жабық футбол алаңының құрылысы жүргізілуде. Сондай-ақ,

ауылдан учаскелік полиция пункті мен өрт сөндіру бекетінің құрылысы қарқынды жалғасуда.

Жуантөбе ауылдық клубы ағымдағы жөндеуден өтіп, ауылдық мәдениет үйі ағымдағы жөндеуден өтті.

Сонымен қатар, ауылдың сәулеттік келбетін жақсарту мақсатында Бәйтерек көшенін қайта жаңғырту және абаттандыру жұмыстары атқарылды. Жоба аясында 1 100 шаршы метр брусчатка төселіп, 550 шаршы метр бетонды плитка орнатылды. Жарықтандыру жүйесі жаңартылды.

Ауылдың атауы жоқ көшелеріне көше жарықшамдары орнатылды. Ә.Жақсыбайұлы және Төле би көшелеріне жаңа тротуар төселіп, тұрғындардың қауіпсіз қозғалысы қамтамасыз етілді.

Бұдан бөлек, «Шаңырақ» нысанында Құрмет тақтасын орнату жұмыстары жүріп жатыр. Жақын күнде толық аяқталады деп күтілуде. Сондай-ақ, ауыл орталығында жаңа саябақ құрылысы жүргізілуде.

Жуантөбе ауылдық округі аумағында бейнебақылау камералары орнатылып, электр бағаналары безендіріліп, елді мекеннің келбеті айтарлықтай жаңарды.

**Аудан әкімінің
баспасөз қызметі.**

Аудан әкімінің халықпен есепті кездесу барысында көтерілген проблемалық мәселелерді шешу жөніндегі іс-қимыл жоспары (9-10.10.2025 жыл)

Қ/с	Проблемалық мәселелер	Орындау мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4
1	Шу ауылдық округі Шу елді мекеніндегі көшелерге бейнебақылау камераларын орнату жұмыстары жүргізілсін.	Мерзімі: 15.11.2025 жыл	Д.Досымбеков
1	Тасты ауылдық округі Тасты елді мекеніндегі көшелерге бейнебақылау камераларын орнату жұмыстары жүргізілсін.	Мерзімі: 15.11.2025 жыл	М.Тлеулинов
1	Қыземшек кенті Қыземшек кентінің кіреберісінен Сарыарқа көшесіне дейін қоршау орнату жұмыстары жүргізілсін.	Мерзімі: 15.11.2025 жыл	М.Әбіл
2	Тайқоңыр елді мекеніндегі Ақбикеш, Тұлпар көшелеріне жарықтандыру жұмыстары жүргізілсін.	Мерзімі: 15.11.2025 жыл	М.Әбіл
3	Қыземшек кентіндегі көпқабатты тұрғын үйлердің алдына қоршау орнату жұмыстары жүргізілсін.	Мерзімі: 15.11.2025 жыл	М.Әбіл
4	Қыземшек кентіне LED экран орнату жұмыстары жүргізілсін.	Мерзімі: 15.11.2025 жыл	М.Әбіл
1	Жуантөбе ауылдық округі Жуантөбе елді мекеніне LED экран орнату жұмыстары жүргізілсін.	Мерзімі: 15.11.2025 жыл	Д.Абраев



мақсаты, өмірлік қиын жағдайға тап болған отбасыларының мұқтаж-дықтарын анықтап, әлеуметтік, психологиялық, заңгерлік сүйемелдеу қызметтерін көрсету.

Аталған бағдарлама бойынша тіркелген отбасы мүшелері арасынан, АӘК, тұрғын үй, несиесі бойынша банкрот және т.б. мәселелерге байланысты өтініш білдірді.

Отбасын қолдау орталығының мамандары зерделеу жұмыстарын жүргізді

Аудан әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің «Отбасын қолдау орталығы» мекемесінің мамандары Шо-

лақорған ауылындағы Д,Е санатында тіркелген отбасыларына барып, зерделеу жұмыстарын жасады.

Зерделеу жұмысының

Орталық мамандары өтініштерін FSM Social қосымшасына тіркеп, тиісті сала басшыларына жолдайтындарын жеткізді.

Ә.Молдағұлова атындағы жалпы білім беретін мектеп базасында республикалық «Ақберен» өнер байқауының аудандық кезеңі өткізілді. Аудан мектептерінен қатысқан оқушылар 5 номинация бойынша бақ сынасты: Шешендік, білгірлік сайысы (қазақ тарихы, мәдениеті, фольклоры туралы сұрақтарға жауап



«АҚБЕРЕН» БАЙҚАУЫ ӨТКІЗІЛДІ

беру, шешендік өнер тарихын білу, шешен сөйлеу); Көркемсөз оқу (поэзия, проза, драмалық шығармалардан үзінді); Эссе жазу; Ұлттық аспапта өнер көрсету (домбыра, қобыз, жетіген және т.б.); Ақындар мүшайрасы.

Аудандық кезеңде жеңімпаз атанған оқушылар аталған байқаудың облыстық кезеңіне жолдама алды. Атап айтсақ: «Шешендік, білгірлік» сайысы бойынша «Созақ» мектеп-гимназияның 11-сынып оқушысы Әбдіқадір Ислам; «Көркемсөз оқу» номинациясы бойынша Сүгір Әліұлы атындағы жалпы білім беретін мектептің 8-сынып оқушысы Абдіразақ Нұрасыл; «Эссе жазу» номинациясы бойынша Иманов атындағы шағын жинақты жалпы білім беретін мек-

тептің 10-сынып оқушысы Өмірбек Іңкәр; «Ұлттық аспапта өнер көрсету» номинациясы бойынша А.Сүлейменов атындағы жалпы білім беретін мектептің 11-сынып оқушысы Абдулла Ерұлан; «Ақындар мүшайрасы» номинациясы бойынша Ф.Мұратбаев атындағы жалпы білім беретін мектептің 11-сынып оқушысы Мырзабек Кәусар; «Ақындар айтысы» номинациясы бойынша Жамбыл атындағы шағын жинақты жалпы білім беретін мектептің 10-сынып оқушысы Нұрболұлы Нұрбақ.

Шығармашыл жас дарындарымызға алдағы облыстық кезеңде жеңіс тұғырынан көрінулеріне тілектеспіз!

«Созақ үні»-ақпарат.

18 қазан-Рухани келісім күні

Домбыра-ұлттық рухани жәдігер

Соңғы кездері теріс діни ағым жетегінде кеткен азаматтар тарапынан қазақ халқының ұлттық музыкалық аспабы домбыраға қарсы шабуыл басталып халық тарапынан үлкен сынға ұшырады. Бір қызығы домбыраны арамға шығаратындар қазіргі кезде ғана емес осыдан бірнеше ғасырлар бұрында болған. Кезінде домбыраны жоққа шығарған Есқали сұпыға Қашаған жыраудың берген жауабы әлі күнге дейін өзектілігін жоғалтпады. Берісі қазақ халқының әрісі күллі түрік халықтарының рухани мұрасы қасиетті қара домбыра қашан пайда болды әуелі сұрақтарға жауап іздеп көрелік.

Қазақ домбырасының шығу тарихы және оның жасалуы ерте заманнан басталады. 1989 жылы Алматы облысы Қызылқоғанды ауданы Майтөбе тауының басынан профессор С.Ақитаевтың зерттеуімен табылған тастағы әртүрлі қимылдағы билеп тұрған төрт адам сұлбалары мен саз аспабын ұстаған адамның суретіндегі аспапты домбыраға ұқсатқан. Археологтардың пайымдауынша суреттер неолит дәуіріндегі суреттерге ұқсас. Бұл екі ішекті саз аспабы қазақтың домбырасына және қырғыз халқының қомызына ұқсайды деседі. Қазіргі таңда суреттер қашалып салынған тас Алматы қаласындағы ұлттық аспаптар мұражайында сақтаулы тұр. Зерттеушілер тарапынан тасқа қашалған сурет осыдан 2 мың жыл алдын салынған десе енді бір зерттеушілер 4 мың жыл алдын салынған дейді. Қалай десекте домбыра осыдан бірнеше мыңдаған жылдар алдын пайда болған. Қазіргі таңда түркімен, қырғыз, өзбек, қазақ және басқа да түркі тектес халықтардың ортақ музыкалық аспабы. Олардың жеке ел болмай тұрып, жалпы түркі елі болып тұрғаннан бастап пайда болған. Домбыраға ұқсас саз аспаптары ғылымда тамбурлық шертпелі хордофондар болып бөлінеді. Олар Еуразияның барлық аймақтарына кең тараған түрлері: тәжікте – думрак, өзбекте – думбыра, думбрак, қырғызда – комуз, түрікменде – дутар, баш, думбыра, башқұртта – думбыра, ноғай халқында – домбыра деп аталады.

Қазақ домбырасы қазіргі таңда Қазақстанның барлық аймақтарында кең тараған. Осыған байланысты А.Жұбанов: «Керегесінде домбыра ілінбеген киіз үй көп кездеспейді», - жазады. Домбыра туралы өнертанушылар: «... ешқандай саз аспабы жеке болсын, топпен болсын домбырамен бәсекелес бола

алмайды. Олардың ішінде домбыра сияқты айналасындағылардың бар ықыласын тек өзіне аударып, тағзым еткізетіні жоқ. Осының себебі, бәрінен бұрын, өте кең айналымдағы және халықтың жан дүниесін тебірте алатын бір бөлігі іспеттес күйлер тек домбырада ғана орындалады», - деп қорытынды жасайды.

А.Мұхамбетова «XX ғасырдағы қазақтың дәстүрлі музыкасы» атты еңбегінде домбырамен ойналатын музыкалық орындаушылық аспаптың құрылымына қарай «төкпе» және «шертпе» болып бөлінетінін жазады. Төкпе–Қазақстанның батыс аймақтарына тараған түрі. Ал шертпе–еліміздің шығыс және оңтүстік аймақтарына тараған. Бұлардың өзара айырмашылығы олардың ойнау деңгейінде емес, генетикалық немесе сол аймақтың жеріне, тұрғындардың салт-дәстүрінің дамуына, сол халықтың мінезіне де байланысты сипат беруі мүмкін. Кезінде қазақтар домбыраның ішегін қойдың не ешкінің ішегінен жасаған. А.Жұбанов өзінің «Ғасырлар пернесі» атты кітабында 1939 жылы Дина Нұрпейісова Мәскеу қаласына бірінші бүкілодақтық ұлттық музыкалық аспаптар байқауына қатысатын. Сонда Мәскеуде кепкен кетгуттың қаншасын сатып аламын десең де еркің дегеніне қарамастан, Дина аламыз ешкі әкеліп союды талап етіп, ешкінің ішегінен өзі домбыраға ішек жасаған екен.

Домбыра тек көңіл-күйді көтерер тек музыкалық аспап ғана емес халықтың жады. Өшпес мұрасы. Ар-ожданы, иманы. Халықтың өткен тарихын еске түсіруші абыз-ақсақалы. Тарихымызда ел қорғаған баһадүрлердің тарихын таңнан-таңға жеткізген жыршының айнымас жолдасы. Қыз Жібек пен Төлегеннің махаббатын толғаған ғашықтық дастанын халық арасына жеткізген қасиетті қара ағаш. Сол уақыттарда халық арасына имандылықты жырмен жеткізген діни аңыз, қисса дастандардың иесі. Атадан балаға қалған мұра. Демек қазақ халқының мыңдаған жылдық тарихын көзбен көріп келген бұл қара ағаш жай ғана музыкалық аспап болмаған. Жалаң діншілдікке ұрынып өз тарихымызды жоққа шығарып алмайық.

Қ.ҚОСМАХАНОВ,
Түркістан облысы дін істері басқармасының «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ маманы.

Еңбек ер атандырады

АРҚАНЫҢ АРУЫ, СОЗАҚТЫҢ КЕЛІНІ



«Парасат» орденінің иегері, Созақ ауданының Құрметті азаматы, ардагер ұстаз Мәруа Қайыржанованың 75 жасқа толуына орай аудан әкімдігі бектікен іс шара аясында аудан орталығындағы Сұлтанбек Қожанов мұражайында арнайы Қарағанды облысы Жаңаарқа ауданынан Мәруа апайдың жерлестері келді. Олар Жаңаарқа аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Амангелді Әбжанов, аудандық кітапхананың өлкетанушы, кітапханашылары Зәмзагүл Қабденова, Жаңагүл Әділова, Мәруа апайдың құрбысы, ұлағатты ұстаз, еңбек ардагері Дәріжан Өксікбайқызы апай, ақын, әрі туысқан інісі Жұмасейітов Жұмабай есімді қонақтар болды. Музейдегі шарада аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Қабылбек Еспенбетов, той иесінің бауырлары құттықтау тілектерін білдіріп, бұхыштың салтанатты ашылу сәтіне куә болды. Одан кейін қонақтар легі «Мыңжылқы» мәдениет сарайында өткелі жатқан шараға асықты. Салтанатты шарада аудан әкімінің орынбасары Серік Сахихлы, Түркістан облысының Құрметті азаматы, «Облысқа сіңірген еңбегі үшін» медалінің иегері, Созақ ауданының Құрметті азаматы Сексенбай Тұрысбеков, ардагерлер кеңесінің төрағасы Қабылбек Аманбекұлы және бірқатар азаматтар, қыз-келіншектер құттықтау тілектерін білдірді. Сонымен қатар, «Мыңжылқы» мәдениет сарайының көркемөнерпаздарының қатысуымен, драматург Байділда Айдарбековтің «Мәруа» атты театрландырылған қойылым көрсетілді. Ардагерлер кеңесінің төрағасы Қабылбек Аманбекұлы Мәруа апайды «Еңбек даңқы» төсбелгісімен марапаттады. Жаңаарқа ауданының әкімі Қ.Қожықов бейнеқоңырау арқылы құттықтап ізгі тілектерін жеткізді. Аудандық «Асыл әжелер» тобының орындауында әсем әндер орындалды. Аудан әкімінің, ардагерлер кеңесінің марапаттаулары салтанатпен табысталды. Түс әлетінде аудан орталығындағы дәмханалардың бірінде көл көсірі той өтті. Той дастарханында да ағайын туыстары, шәкірттері, достары, Асылхан ағамыздың ағайындары, жалпы ауылдастар керемет тойдың куәсі болды. Тарихқа сәл шегініс жасақ, мектеп қабырғасында оқып жүрген кезінде жеңіл атлетикадан, соның ішінде жүгіруден спорт шебері атанған жас спортшы қыз Мәруа еңбек жолын туған ауылындағы «Алғабас» орталау мектебінде денешынықтыру пәнінің мұғалімі болып бастады. Мектеп бітірген соң да спорттан қол үзбеген желаяқ қыз Қарағанды қаласындағы түрлі жарыстарға барып жүріп, «Шахтер» стадионындағы кезекті бір сайыс кезінде Оңтүстік Қазақстан облысы, Созақ ауданының Жартытөбе ауылынан келген республика деңгейіндегі белгілі волейболшы, қол добының шебері, аудан спорттың майталманы Құлмаханов Асылхан есімді спортшы жігітпен танысады. Әуелгіде жай ғана достықтан басталған қарым-қатынас уақыт өте келе үлкен махаббатқа ұласады. Осылайша Арқаның абыройын асқақтатып жүрген аяулы аруы 1968 жылы Жартытөбедегі Асылханның қара шаңырағына келін болып түседі.

Ол уақытта ауылда мұғалімнің тапшы кезі. Сондықтан мектепте дәріс беруден азды-көпті тәжірибесі бар Мәруа ақ босаға аттаған ауы-

лындағы Ш.Уәлиханов атындағы орта мектепке бастауыш сынып мұғалімі болып орналасады. Осында еңбек ете жүріп, ендігі өмірін ұстаздық жолымен байланыстыруды көздеген ол Шымкент қаласындағы М.Әуезов атындағы педагогикалық университеттің математика факультетін сырттай оқып бітіреді. Мәруа Қайыржанқызының педагогика саласындағы еңбегі ел-еусіз қалмады. 1993 жылы «Аға мұғалім» атағына ие болған ол ұстаздық жолына жаңа келген жас мамандарды да осы қиындығы мол, әрі жемісі де татырлық тағылымды мамандыққа баулудан талмады. Мұғалімдік қызметі барысында жинаған әдістемелік мол іс-тәжірибелері аудан, облыс көлеміндегі жалпы білім беру мекемелерінің мұғалімдері арасында кеңінен таралған, ҚР Білім және ғылым министрлігінің «Ы.Алтынсарин» төсбелгісінің иегері Мәруа Қайыржанова Орал қаласында өткен республикалық педагогикалық оқуда Ы.Алтынсарин ғылыми-зерттеу институтының грамотасымен марапатталса, Оңтүстік Қазақстан облыстық мұғалімдер слетінде және Шымкент қаласында облыстық бастауыш мұғалімдер арасында өткен педагогикалық оқуда I орынға ие болды. Сондай-ақ, ол республикалық мұғалімдер педагогикалық оқуындағы «Балаларға қазақ үрдісінде сабақ беру» конкурсының жеңімпазы және Кентау қаласында өткен республикалық педагогикалық оқудың жүлдегері атанып, К.Ерешева атындағы республикалық атаулы мектептің мүшелігіне қабылданды. 1992 жылы «Жыл мұғалімі» байқауының жеңімпазы атанып, ақбоз ат мінген ұлағатты ұстаз «Жыл мұғалімі», «Жыл кабинеті», «Инновациялық әлеуметтік-педагогикалық жобалар» байқауларында бірінші жүлдені қанжығаға байлап, көпке үлгі бола білген Мәруа Қайыржанқызының есімі қазақтың дара тұлғаларын ұлықтаған қоғам қайраткері Дархан Мыңбайдың редакциясымен шыққан «Аяулы, ардақты» атты кітапқа енді. 1980-2010 жылдары Жартытөбе ауыл әкімдігі жанындағы Әйелдер кеңесінің төрайымы қызметін атқарып, отбасы институтын дамыту бағытында көптеген ерелі істерге бастамашы болған іскер ханым «Қазақстан Шымкент» телеарнасы ұйымдастырған «Сыбаға» байқауының I орын жеңімпазы атанып, Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігі жанындағы Әйелдер істері және отбасылық демография саясаты жөніндегі комиссиясының, «Нұр Отан» партиясының, ауыл әкімінің бірнеше Алғыс хаттарын иеленді.

2006 жылдан Жартытөбе ауыл округіндегі «Жұлдыз» балабақшасының меңгерушісі болып еңбек етіп, бүлдіршіндерге шуақты бала-лық сыйлаған Мәруа Қайыржанова қазір зейнеткерлік демалыста болса да, қоғамдық жмыстардан қол үзбей келеді. Қазіргі таңда Созақ аудандық ардагерлер кеңесінің жанынан құрылған әжелер кеңесінің төрайымы қызметінде ұрпақтар сабақтастығын жалғап жүрген ұстаз-ана «Облысқа сіңген еңбегі үшін» медалімен марапатталды. Мәруа Қайыржанқызы—Созақ өңіріне белгілі спорт майталманы болған марқұм жары Асылхан Құлмахановпен бірге екі ұл, екі қыз өсіріп, тағылымды тәрбие берген, бүгінде немере-шеберлерін әлдилеп отырған өнегелі әже. Ұлағатты ұстаздар отбасында перзенттері Бақытжан, Біржан, Маржан, Ақерке келіндері Әсел де ұстаздық қызметте. Құралай аудандық ішкі істер бөлімінде бас маман. Немерелерінің ішінде Дінмұхамед пен Арайлым атасы мен әжесінің жолын қуған спортшылар. Осылайша Аққолтық ауылынан бастау алған той екінші күні түс қайта Шолаққорған ауылында мәресіне жетті. Алдағы сексен жылдық мерейлі тойда бір-бірімізді аман сау жүздесуге жазсын!

Мақсат ЖЕҢІСҰЛЫ.

Ұлы Жеңіске-80 жыл



ЕСТЕЛІК КІТАПТЫҢ ТҰСАУЫ КЕСІЛІП, АС БЕРІЛДІ

Бүгін, сенбінің сергек күні «Мыңжылқы» мәдениет сарайының екінші қабатында Ұлы Жеңістің 80 жылдығы мерейлі мерекесі аясында Созақ аудандық орталық кітапханасында Созақ аудандық мемлекеттік архивінің басшысы Отаубаева Рахима Бақрамқызының әкесі, Ұлы Отан соғысының ардагері, ауылшаруашылығы саласының академигі, ғалым-агроном, еңбек ардагері, мемлекет және қоғам қайраткері Бақрам Балажанұлы Отаубаев туралы жазған «Тұғыры биік тұлға» атты фибратқа толы деректі, естелік кітабының тұсаукесері өткізілді. Фотке көрме жасақталып, жағалай қатарластыра тізіп Бақрам көкеміздің өмір жолы туралы деректі құжаттары, фото суреттері, ол кісінің жеке тұтынған заттары мен газет-журнал беттерінде жарияланған мақалалары, мемлекет тарапынан алған марапаттары-орден, медалдары

Шараға Рахима Бақрамқызының барлық бауырлары, әулеттің жанашыр туыстары мен қадірлі қонақтар жиналды. Олар автордың еңбегіне жоғары баға беріп, кітаптың ел жадында сақталатын құнды дүние екенін атап өтті.

Осы сәтте Орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің директоры Нұржамал Әбілжанқызы жаңа кітаптың оқырманы көп болсын деген тілегін білдіріп, тұсауы кесілген туындыны кітапхана қорына қабылдады. Осылайша кітапхана қоры тағы бір құнды еңбекпен толықты. Сөз арасында Бақрам көкеміздің қыздары Гүлстан, Фатима, Рахима, Айгүл, Әлия, ұлдарынан Бауыржан, немерелері Бақрамәлі мен Ибраһим ізгі тілектерін білдірді.

Тағылымға толы, ұлағатты-шара кітапсүйер қауымға терең ой мен рухани әсер сыйлады. Сондай-ақ «Мыңжылқы» мәдениет сарайының



қойылған. Келген қонақтар алдымен көрмемен танысып, одан кейін шара өтетін залға өтеді. Залда үлкен экранда еңбек ардагері, ғалым-агроном ағамыз туралы деректі фильм қойылып, тарихи дүние көрермендердің ыстық ықыласына бөленді.

Шараны қаламгер, Созақ шығармашылығы қоғамдық бірлестігінің төрағасы, журналист, ақын-жазушы, «Созақ үні» басылымының бас редакторы Мақсат Жеңісұлы жүргізді. Рухани шараны ауданның қадірменді ақсақалы, Түркістан облысы мен Созақ ауданының Құрметті азаматы, Құрмет орденінің иегері Сексенбай Тұрысбекұлымен Бақрам ағамыздың қарындасы Ұмысқұл Байдүйсенқызы ашып, кітаптың мән-маңызы туралы жүрекжарды лебіздерін білдірді.

Кітаптың лентасын аудан әкімінің орынбасары Маманов Серік Сахихлы, ел ағасы Сексенбай Тұрысбекұлы және ақ жаулықты ардақты Ұмысқұл әжемиз қиды.

көркемөнерпаз шеберлері Нұрбосын Жұмабай мен Мейрамбек Тоғысовтар өз өнерлерін ортаға салып, өннен шашты. Мерекелік шараның аяғы аудан орталығындағы дәмханалардың бірінде жалғасын тапты. Дастархан үстінде де Бақрам көкеміз туралы естеліктер жалғасын тапты. Қарындасы денсаулық сақтау саласының ардагері, Созақ ауданының Құрметті азаматы Бағила Тұрсынқызы, аудан әкімінің орынбасары Қалдыбек Оразов, аудандық мәслихаттың депутаты Гүлшат Есмұратова, Алматы қаласынан келген жиендері Нышанбай аға, Қантүл Рәматқызы, ағайын-туыстары атынан Маханбай, Жұмагүл Әубәкірқызы, Сызған ауылынан келген інісі Тұрсынов Қонысбай, құда-жежжатары лек-легімен естеліктерін айтып, Бақрам көкеміздің ізгі ісі мен қадірлі қасиеттері туралы сыр шертісті. Ас беріліп, Бақрам ағамыздың рухына бағышта-лып құран оқылды.

Мақсат ҚАРҒАБАЙ.

Әкеме жолданбаған сағыныш хат

Әкешім, сенен адал асыл жансың. Жүрегің мейірімге толы, рухың биік дана жансың. Мен сенен байдың байлығына, бидің билігіне қызықпауды, бар кезде тасымауды, жоқ кезде жасымауды үйрендім. Әкешім сенің әр сөзің мәңгі жадымда сақталады. «Тақ пен табыттың иесі жоқ». Тақ - басыңда мәңгі тұрмайды. Табытқа кімнің қашан жатарын ешкім білмейді. Сондықтан бір күнгі мансапты пайдаланып иманың мен адамгершілік қасиетіңнен аттама, дегенедің. Талдың жапырағына қызықпа, оның тамырына үңіл. Адамда сол сияқты ұлыңа сондай текті жерден қыз таңды. «Тектіден текті туады, тектілік тұқым қуады» деп ақыл-ын айтатын. Осындай дана сөздері жаныма шуақ, жүрегіме иман, бойыма ізгіліктің дәнін сепкендей болатын. 2001 жылы Жамбыл облысында, Жаңатас қаласындағы «Айгүл» балабақшасында педагогикалық қызметімді бастаған болатынымын. Жыл сайын осы балабақшаға келіп балабақша меңгерушісі Сеня Темирбековнаға (марқұм) жолығып менің жай - күйімді, жұмысқа деген талпынысым мен жоспарымды, қызметкерлермен ара - қатынасымды біліп кететін еді. Бастығым менің әкем келгенде құшақ жайып қарсы алып, қызметкерлермен кездесу ұйымдастыратын еді. Менің жұмысқа деген талпынысымды көріп көңілі толып, марқайып кететін еді. Әрдайым қолдау көрсетіп демеу беріп құлшынысымды артыратын. Мен әкемнен «АНА МЕН БАЛА» махаббатының берік қамалын көрдім. Әкешім анасына (Қатша) өз қолымен таңғы асқа балғын сүтке ботқа пісіріп, түстікке кеспе көже, бесіндікке жеміс компотын, жатар орында бір кесе айран беретін. Сонда анасы баласына еркелеп отырып асын ішетін. Бұл жағдай біздің анамызға сенбегендіктен емес, өз анасына құрметпен қарағаны, анасын еркелеткені, бала махаббатын бергені және ана жүрегін оқығаны. Әкем бір жасында әкеден жетім қалған екен. Жесірін қаңғытпаған, жетімін жылатпаған, қаймағы бұзылмаған айрандай ұйыған әулеті мен туыс ағасы Төре-



ханов Тұрсын атамның арқасында білімге құштар болғанын айтып отыратын. Ағасының қолдауымен білімге қанатын қатайтып, өмірге дұрыс бағыт-бағдар берген бірден-бір жан осы-Тұрсын ағасы. Басынан өткен көптеген қиыншылықтары мен өмірбаяны, еңбекпен жеткен жетістіктері туралы «Ұрпаққа аманат» кітабында баяндаған. 96 жасында көзіндіріксіз 245 беттік кітабын жазды. Ол кітабында өзінің балалық шағында бала болып ойнамадық, жігіт болып жүрмедік делінген. 1928-1933 жылдары байларды халық жауы ретінде мал-мүлкің көмекке жасап, өздерін жанұясымен бірге жер аударып, балаларын балалар үйіне өткізген.

*Оралға кетті айдалып, келер ме екен,
Аман келіп, ел жұртын көрерме екен.*

*Туған жердің бұйырмай топырағы,
Ит қорлықпен жат жерде өлер мекен,-* деген өлең жолдарын еске алатын. 1930-1933 жылдары кәмпескенің аяғы ашаршылыққа ұласқан. Қайнар елді мекенінде «Дуана» де-

ген жерде өздеріне айнала ор қаздырып желдің өтінде, күннің астында, төсеніш жоқ жерде бір мезгіл ғана быламық беріп, ер мен әйелдер аралас отыратын лагерь ұйымдастырылған. 1930 жылы анасы Дәулетбаева Қатша Созақ елді мекенінде «Тарса» деген жерде аш-жалаңаш, панасыз қалған балалар үйіне аспазшы болып жұмыс жасаған екен. Ашаршылық жылдары адамдар қоян мен тасбақаның етін жеп аман қалған екен. Мінеки, осындай тарихтың куәсі болғанын осы кітап бетіне түсірген. ҰОС - ғы сұрапыл соғыс, мина мен гранатаның дауыстары әлі күнге дейін құлағымда. Ана баласынан, бала әкесінен айырылған сәттер. Отан үшін жанын қиған жауынгерлердің бейнесі мәңгі жүрегімде деп еске алатын. Жеңісті күндердің жемісін әр 9 мамыр күні қуана еске алып, ел қошеметіне бөленіп марқайып қалатын еді. Бұл күндері әкеміздің шаңырағында дәстүрлі мереке болатын. Мінеки, осындай тарихқа толы сыр кітабында Созақ ауданының әкімі Мұхит Тұрысбековтің «Ерлігі-елге мұра, ұрпаққа ұран!» кіріспе сөзі, Созақ ауданының ардагерлер кеңесінің төрағасы Қабылбек Еспенбетовтің «Айтары мол абыз ақсақал» естелігі, Аудандық мәслихаттың депутаты Қарлығаш Жамиеваның «Аманат хат» қолжазбасы, «Оңтүстік Қазақстанның» штаттан тыс тілшісі Мәлік Белгібаевтің «Адалдық атақ сұрамайды» естелігі, ҰОС ардагері, әрі досы Қанатбек Аяшовтың арнау өлеңі, Созақ ауданының Құрметті азаматы, жазушы Дулат Тұрантегінің «Бабажан жайында мөлтек сыр» естелігі, Қазақстан журналистер одағының мүшесі Мақсат Қарғабайдың «Эрена» дастаны және көптеген мақалалары естелік болып мәңгі қалды. Табиғатынан мінезі жайдарлы, көп сөйлемейтін, ақылы мол, мейірімді еді. Аз сөйлеп, көп іс жасауды қалайтын. Ұл-қыздарын ішімен сүйіп, сыртымен тәрбие беретін еді. Әкем туралы айтқанда оның қазақ көркем әдебиетінің шығармаларын, жергілікті мерзімді басылымдарды үзбей

тұрақты оқитыны санама оралады. Қым-қуыт тіршіліктен қолы босай қалса, тік отырып көзіндіріксіз кітап оқитын. Кітап оқығанда жаны рахаттанып, рухани азық жинайтынын айтатын. Бала кезімізде кейде бізге-декітап оқытып қоятын. Ойын баласы қанша қаламасақ та, әкемінезін қаймыққан біздер күн ұзағы батырлар жырын, әңгіме-хиссаларды дауыстап оқып отыратынбыз. Балаларым кітапсүйер, оқыған, зиялы болсын деген асыл арманының бастауында өзі үлгі болуды қалаған екен-ау, сол қарқынмен біз де кітапты біршама оқитын жағдайға жеткізді. Кейін өзіміз де біріміз әке, біріміз ана атандық. Өмір деген даңғыл жолда көп мәселелерге бетпепет келді. Бір байқағаным, сол кезде жиған біліміміз бізге тәжірибе барысында көп көмектесті. Ол күндердің қазір тек сағым сәттері ғана қалды. Қанша жерден анаң тірі болса да, бауырларың жаныңда жүрсе де, әкенің орнын ешкім баса алмайды екен. Дегенмен амал жоқ. Көңілге тек артында қалған ұрпақтары мен өзінің тәтті тілегі медеу болады. Өзі көп дұғасында «Осы жасқа жеткенім алдымен анамның тілеуі, халқымның батасы. Халқымның қошеметіне дән ризамын. Осы халқыма баянды ғұмыр тілеймін. Ұрпағымның мың жасауын тілеймін!» деп отыратын. Өмірінің соңында ұрпағына арнап көптеген өлең, естеліктерін жазды. Білім саласында 48 жыл мұғалім, оның 24 жылында үздіксіз мектеп директоры қызметімен 1986 жылы абыройымен зейнеткерлік жасқа шыққан. Қажымас еңбегі мен табандылығының арқасында ҰОС ардагері, Созақ ауданының құрметті азаматы, Білім саласына еңбегі сіңген ұлағатты ұстаз деген атақ-абыройға жетті. Өлді деуге бола ма артында өшпес ізі қалса, сара жолы қалса, дана сөзі қалса, ұрпағы 13 ұл-қызы, 47 немересі, 102 шөбересі, тілеуін тілеген халқы қалса! Жатқан жерің жайлы болсын, жаныңды жәннаттың төрінде шалқуды нәсіп еткелі.

Рая ЖЫЛЫСБАЕВА,
қызы.

Сағыныш! Иә, әкеге деген сағыныш көңілді тебіреніп, көзге жас үйретіні несі? Бұл сағынышты әкеге деген естеліктер ғана басады екен ғой! Сондықтан жадымда жаңғырып жүрген жайларды қағазға түсіріп, әкенің рухына тағзым етуді мұрат еттім. Жеңіс күнін әкемің қасында неше жылдан аса уақыт бірге қарсы алыпмын.

Әкем Жылысбайұлы Мырзахмет 1926 жылы Қаратаудың теріскейіндегі Қозмолдақ елді мекенінде (қазіргі Саңғыл атаның кесенесі тұрған жерде дүниеге келді. Бұл кезең қазақтың басына қара бұлт үйірілген заман-тұғын. Қиындықты рухы мықты, ерік-жігері күштілер ғана бағындыратыны белгілі. Сондықтан әкем жастайынан еңбекке араласады. Сол кездері екінші дүниежүзілік соғыс басталып, 1944 жылы әскерге шақырылып, соғысқа араласады. Ұлы Отан соғысы жылдарында майданда оқ пен оттың ортасында жүріп, неміс басқыншыларымен болған шайқаста кеудесін оққа тосады. Бойдағы өжеттік, қайсар мінезбен соғыстың өртін өшіруге үлес қосады. «Қырық жыл қырғын болса да ажалды өлер», дегендей әкемің көрер жарығы бар екен. Бейбіт өмірде елдің еңсе тіктеуіне қажырлы еңбек етеді.

ӘКЕ РУХЫНА ТАҒЗЫМ!

Иә, еңбек майданына белсенді кірісіп, Созақ ауданына мектептерді қайта құруға ат салысады. Қозмолдаққа келіп, туған жерге ту тігіп, шаңырақ құрады. Анам Сәденқызы Мәрия екеуі берекелі отбасында жеті ұл, алты қыз өсіріп, ұлды-ұяға, қыздықияға қондырады. Бүгінде алып бәйтеректен негіз алатын ұрпақтары сан салада та-

бысты еңбек етуде.

Әкем ағайын-туыс, дос-жаранның арасында сыйлы болатын. Себебі, турашыл, еңбекқор, айналасына жайлы, оларға қолайлы жағдай жасай алатын адам еді. Әкемің қадірлі болатынының тағы бір себебі, жастарға аталы сөздер көп айтып, адамдыққа, адалдыққа баулитын. Әсіресе, «Жақсылық етте, міндет

етпе!» дегенді жиі айтатын. Сонда анам: «Жақсылық жақсылығын айт, нұры тасысын, жаманың жамандығын айт, құты қашсын»-дегенді алға тартқанында «Істеген жақсылығыңды міндет етпе, қайыры болмайды!» -деп бір-ақ қайыратын. Пендеміз ғой, кейде жақсылық жасап, мақтаныш етіп айтып жатқанда, әкемің «Қайыры болмайды!» деген сөзі еске түсіп, шүкіршілік етемін.

9 мамыр-Ұлы Жеңіс күні біздің әулет үшін үлкен мереке еді. Әкем бейбіт өмірді, тыныштық пен тұрақтылықты дұғасынан тастамайтын. Енді соғыстың алапайытын. Енді қиямет-қиындығын жастар көрмесін деген тілеуде болып: «Шырақтарым-ау, сендерге біз көрген соғысты көрсетпесін. Елге қызмет ететін абыройлы азамат болыңдар! Берекені көктен тілемес, еткен еңбектен тілендер», -деуші еді.

Әкемің жиі айтатын «Оқу-сыз-білім жоқ, білімсіз күнің жоқ» сөзі жадыма қатты жатталыпты. Расында, балаларының білім алуына барлық мүмкіндіктерді жасады. Еңбектің наны тәтті екенін түсіндіріп бағатын. Мұндай

аталы сөздерді қалай ғана ұмытасыз?

Марапаттары мен мерекелік медальдары шаңырағымыздың төрінде әкемің көзіндей ілулі тұр. Үйде қыздың көнжесі болғандықтан «Менің Фаридашым» деп еркелетіп, дем беретін. Шіркін, осы сәттер қайта келер ме еді?! Әкеміздің алдында алаңсыз еркелеп жүрген бақытты кездеріміз сол екен ғой!..

Әкемің соңғы айтқан арманы менің ұлым Исламды үйлендіріп тойын дүркіретіп жасап беру еді. Жаным әкешім, бізді ойлағаныңызбен қоймай біздің бала-шағамызға дейін ойлап отыратын кең пейілді мейірімдімізден айналдым. Аман болсам сіздің бұл арманыңызға қол жеткіземін әкешім. Сіз бізге ұл-қызыңызға тәлім-тәрбие бердіңіз, білім бердіңіз, ендігі сіздің бұл арманыңызды орындау менің міндетім. Әрбір айтқан сөздеріңіз біз үшін мәңгі жадымызды сақталады.

Әке жайлы сағыныш көңілді нұрландырады. Айтқан аталы сөздері өмірде қалған болады екен-ау! Әкенің тағылымы жайлы айтылар әңгіме көп. Оны алдағы уақытта кітапқа арқау етуді жоспарлап жүрмін.

Фарида МЫРЗАХМЕТҚЫЗЫ,
қызы.

Әкеге деген сағыныш!

*Асқар тауым, жан әкешім, мен өзіңді сағымдым,
Еркелеткен сөзімнен, ақылыңды аңсадым.
Сенің бейнең көз алдымнан еш кетпейді, жасыдым
Бұл өмірден жоғалтып, ойлай-ойлай шаршадым.*

*Білем маған көңіл-күйім болмайды енді ешқашан,
Жабырқаулы, жүзім солғын болады енді әрқашан.
Жүрек жарты, ауыр ойлап күрсінеді, жасыған,
Өйткені сен болатыңсың бақытты күндер сыйлаған.*

*Жан әкешім сенсіз өмір сүру қиын тым маған,
Үй ішінде жетіспейді сенің орның жайнаған.
Жүрегімде орны толмас өкініш бар сарнаған,
Көре алмадым өзіңді мен ең соңғы рет жанардан.*

*Сен екеуіміз армандаған арман қалды жайында,
Орындалмаймын арманыңды уақыт өтседе арадан.
Талай сөздер қалып қойды бірақ менің санамда,
Мен оларды сақтаймын мәңгілікке жадымда.*

*Әкетайым, бар арманың менің балам еді аңсаған,
Сағыныштан мен жыр жазам тек өзіңе арналған.
Жайдарлы көз, бірге өткізген күндерімді сағынам,
Елеспенен жүрегімде үлкен орын қалдырған...*

**Созақ аудандық мәслихаты
ШЕШІМ**

8 қазан 2025 жылғы №212

**Созақ аудандық мәслихатының 2023
жылғы 17 қаңтардағы «Округтік
сайлау комиссияларының мүшелерін
сайлау туралы» №163 шешіміне
өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық Заңының 10 бабына және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6 бабына сәйкес, Созақ аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ.**

1. Созақ аудандық мәслихатының 2023 жылғы 17 қаңтардағы «Округтік сайлау комиссияларының мүшелерін сайлау туралы» №163 шешіміне өзгерістер енгізіліп, ұсынылып отырған құрамы қосымшаға сәйкес сайлансын. (қосымша жалғасады).

2. Осы шешім бұқаралық ақпарат құралдарына жариялансын.

**Аудандық мәслихат төрағасы
О.Жәмиев**

* * *

*Созақ аудандық мәслихатының
2025 жылғы 8 қазандағы
№212 шешіміне қосымша**Созақ аудандық мәслихатының
2023 жылғы 17 қаңтардағы
№163 шешіміне қосымша***Округтік сайлау комиссиясының
құрамы:****№3 Шолаққорған сайлау округі бойынша**

Орталығы-Созақ ауданы, Шолаққорған ауылдық округі, Шолаққорған елді мекені, Абылай хан көшесі, №3 ғимараты, «А.Байтұрсынов атындағы жалпы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Шекарасы: №693 Шолаққорған, №№687 Абай сайлау учаскелерінің аумағы.

1. Сейдахмет Ержан Артықұлы-А.Байтұрсынов атындағы жалпы орта мектебінің директоры, «Созақ ауданының мүгедектері» қоғамдық бірлестігінің өкілі.

* * *

**Созақ аудандық мәслихаты
ШЕШІМ**

8 қазан 2025 жыл №213

**Созақ аудандық мәслихатының 2023
жылғы 27 желтоқсандағы «Учас-
келік сайлау комиссиялары
құрамын сайлау туралы» №82
шешіміне толықтырулар енгізу
туралы**

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық Заңының 10 бабына және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6 бабына сәйкес, Созақ аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Созақ аудандық мәслихатының 2023 жылғы 27 желтоқсандағы «Учаскелік сайлау комиссиялары құрамын сайлау туралы» №82 шешіміне толықтырулар енгізіліп, ұсынылып отырған құрамы қосымшаға сәйкес сайлансын. (қосымша жалғасады).

2. Осы шешім бұқаралық ақпарат құралдарына жариялансын.

**Аудандық мәслихат төрағасы
О.Жәмиев**

* * *

*Созақ аудандық мәслихатының
2025 жылғы 8 қазандағы
№213 шешіміне қосымша**Созақ аудандық мәслихатының
2023 жылғы 27 желтоқсандағы
№82 шешіміне қосымша***Учаскелік сайлау комиссияларының
құрамы:****№688 сайлау учаскесі бойынша**

Орталығы – Шолаққорған ауылдық округі, Балдысу елді мекені, Балдысу көшесі, №59 ғимараты, Түркістан облысының білім басқармасының Созақ ауданының білім бөлімінің «Жамбыл атындағы жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Кеңесбек Диас Биасылұлы–Жамбыл атындағы жалпы орта мектебінің мұғалімі, «Созақ жастары» қоғамдық бірлестігінің өкілі.

№690 сайлау учаскесі бойынша

Орталығы – Шолаққорған ауылдық округі, Шолаққорған ауылы, С.Қожанов көшесі, №1А ғимарат, Түркістан облысының білім басқармасының Созақ ауданының білім бөлімінің «Ә.Молдағұлова атындағы жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Рамашов Нұржан Нұрланұлы –Ә.Молдағұлова атындағы жалпы білім беретін мектебінің мұғалімі, «Созақ жастары» қоғамдық бірлестігінің өкілі.

№693 сайлау учаскесі бойынша

Орналасқан жері: Түркістан облысы, Созақ ауданы, Шолаққорған ауылдық округі, Шолаққорған ауылы, Абылай хан көшесі №3, Түркістан облысының білім басқармасының Созақ ауданының білім бөлімінің «А.Байтұрсынов атындағы жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Бейсембаев Бакытжан Алпысбаевич – Созақ аудандық №1 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің жаттықтырушысы, «Бақ-Нұры» қоғамдық бірлестігінің өкілі;

№702 сайлау учаскесі бойынша

Орналасқан жері: Түркістан облысы, Созақ ауданы, Сызған ауылдық округі, Сызған ауылы, Мектеп көшесі №9А, Түркістан облысының білім басқармасының Созақ ауданының білім бөлімінің «Қ.Рүстемов атындағы жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

1. Жүнісов Ербол Қуанышбекұлы – «Кар Lagistik» ЖШС-ның шебер, «Созақ жастары» қоғамдық бірлестігінің өкілі;

2. Дүйсенбекқызы Таңшолпан – «Қ.Рүстемов» атындағы жалпы білім беретін мектебінің іс-жүргізушісі, «Нұрлы әлем» қоғамдық бірлестігінің өкілі;

№703 сайлау учаскесі бойынша

Орналасқан жері: Түркістан облысы, Созақ ауданы, Сызған ауылдық округі, Қайнар ауылы, Ж.Әділбеков көшесі №29, Түркістан облысының білім басқармасының Созақ ауданының білім бөлімінің «А.Макаренко атындағы жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Сайлау Биінір Ғалымжанқызы- жұмыссыз, «Созақ жастары» қоғамдық бірлестігінің өкілі.

№705 сайлау учаскесі бойынша

Орналасқан жері: Түркістан облысы, Созақ ауданы, Созақ ауылдық округі, Созақ ауылы, Қ.Тоқмұхамедов көшесі №3А, Түркістан облысының білім басқармасының Созақ ауданының білім бөлімінің «Науайы атындағы жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Журсинбаев Мурат Усенович- жұмыссыз, «Бақ-Нұры» қоғамдық бірлестігінің өкілі;

№712 сайлау учаскесі бойынша

Орналасқан жері: Түркістан облысы, Созақ ауданы, Қаратау ауылдық округі, Бақырлы ауылы, Жиенбет батыр көшесі нөмерсіз, ауылдық мәдениет үйінің ғимараты.

Мекенбай Айбар «Панфилов» атындағы жалпы білім беретін мектебінің мұғалімі, «Желтоқсан» ардагерлері қоғамдық бірлестігінің өкілі;

№892 сайлау учаскесі бойынша

Орналасқан жері: Түркістан облысы, Созақ ауданы, Шолаққорған ауылдық округі, Шолаққорған ауылы, С.Тоқпанбетов көшесі №1А, Түркістан облысының білім басқармасының Созақ ауданының білім бөлімінің «Нәзір Төреқұлов атындағы ІТ мектеп-лицей» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Жекенова Әсел Серікбайқызы–«Нәзір Төреқұлов» атындағы ІТ мектеп-лицейінің мұғалімі, «Созақ ауданының мүгедектері» қоғамдық бірлестігінің өкілі;

**Соттардың моральдық зиянды
өтеу туралы істерді қарау
тәжірибесі**

Моральдық зиянды өтеу зиян келтірушінің кінәсі анықталған кезде жүргізіледі. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде (бұдан әрі-АК) көзделген жағдайларда жеке мүлдіктік емес игіліктер мен құқықтар осы құқықтарды бұзған адамның кінәсіне қарамастан, сот арқылы қорғалуға жатады. АК-нің 951-бабына сай, моральдық зиян-жеке тұлғалардың өзіндік мүлдіктік емес игіліктері мен құқықтарының бұзылуы, кемсітілуі немесе олардан айырылуы, оның ішінде өзіне қарсы құқық бұзушылықтың жасалуы салдарынан жәбірленушінің, ал осындай құқық бұзушылық салдарынан ол қайтыс болған жағдайда-жақын туыстарының, жұбайының басынан кешкен жан азабы немесе тән азабы. Моральдық зиянды осы баптың 3-тармағында көзделген жағдайлардан басқа реттерде, зиян келтірушінің кінәсі болғаны расталса зиян келтіруші өтейді.

Зиян келтірушінің кінәсіне қарамастан моральдық зиянды өтеудің тетіктері бар. Мәселен егер зиян азаматтың өмірі мен денсаулығына жоғары қауіптілік көзі арқылы келтірілсе; зиян азаматқа оның заңсыз сотталушының, заңсыз қылмыстық жауапқа тартылуының, бұлтартпау шарасы ретінде заңсыз қамауға алуға, үйде қамауда ұстауға немесе ешқайда кетпеуі туралы қолжат алуды қолдану арқылы келтірілсе, ол үшін моральдық зиян өтеледі.

Сонымен қатар, қамауда ұстау, психиатриялық емдеу мекемесіне немесе басқа емдеу мекемесіне орналастыру түрінде әкімшілік жазаны заңсыз қолдану салдарынан келтірілген, ар-ожданына, қадір-қасиеті мен іскерлік беделіне нұқсан келтіретін мәліметтер тарату арқылы келтірілген зиянда өтелуге жатады. Заң актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, азаматтың мүлдіктік құқықтарын бұзатын әрекеттер (әрекетсіздіктер) арқылы келтірілген моральдық зиян өтелуге жатпайды. АК-нің 952-бабына сәйкес, моральдық зиян ақшалай нысанда өтеледі. Сондай-ақ, моральдық зиян өтелуге тиіс мүлдіктік зиянға қарамастан өтеледі. Осы ретте моральдық зиян деп азаматтың өзіне тиесілі жеке мүлдіктік емес игіліктер мен құқықтарын құқыққа қайшы бұзу, кемсіту немесе олардан айыру салдарынан басынан кешірген жан азабын немесе тән азабын

түсіну қажет. Моральдық зиянды мөлшерін анықтаған кезде бірнеше мәселеге мән беріледі.

Мәселен, жәбірленушінің не оған қарсы жасалған құқық бұзушылық салдарынан ол қайтыс болған жағдайда жақындарының келтірілген адамгершілік залалдың ауырлығын субективті бағалауы назарда ұсталады. Сондай-ақ, жәбірленушінің не ол қайтыс болған жағдайда оның жақындарының жан азабы мен тән азабының дәрежесі дәлелдейтін объективті деректер ескеріледі. Жан азабы деп (адамның эмоциялық ерік-жігерінің уайымдары) өз басынан кешірген қорлау, ызыландыру, қысым жасау, ашуландыру, ұялату, түңілту, тән қиналуы, залал шегу, қолайсыз жағдайда қалу және т.б сезімдерін түсіну қажет.

Соттар моральдық зиян өтемақысының мөлшерін анықтаған кезде азаматқа кетірілген жан мен тән азабының ауырлығын, оның субъективтік бағалануын, сондай-ақ осы жағдайларды куәландыратын объективті мәліметтерді назарда ұстайды. Атап айтқанда: жеке мүлдіктік емес игіліктер мен құқықтардың өмірлік маңыздылығын, жәбірленушінің басынан кешірген жан азабының немесе тән азабының дәрежесін, моральдық зиянды өтеу үшін қажет болып табылатын зиян келтірушінің кінәсінің түрін ескеру қажет.

Сот моральдық зиян өтемақысының мөлшерін анықтаған кезде іс материалдарымен бекітілген басқа да мән-жайларды, атап айтқанда, жәбірленушіге келтірілген моральдық зиян үшін жауаптылыққа тартылған адамның отбасылық және мүлдіктік жағдайын назарға алуға құқылы. Моральдық зиянды өтеу туралы талаптар қойылған кезде талап қоюшы жан азабын және тән азабын бастан кешіргенін дәлелдеуге тиіс. Сот ұсынылған дәлелдемелерді бағалап, ақылға сыйымдылық пен әділдік өлшем-шарттарының негізінде моральдық зиянды өтеу мөлшерін анықтағанда таратылған мәліметтердің сипатын, таратылу шегін, жауапкер кінәсінің нысанын, оның материалдық жағдайын және басқа да назар аударуға тәрарлық мән-жайларды ескереді.

**Б.САҒЫНТАЕВ,
Созақ аудандық сотының
судьясы.****“БЖЗҚ” АҚ-да “Ашық есік күні”**

Халық арасында жүргізілетін ақпараттық-түсіндіру жұмысы аясында 2025 жылғы 24 қыркүйекте “БЖЗҚ” АҚ-ның барлық филиалдарында онлайн форматтағы Ашық есік күні өткізілді.

2026 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстан Республикасының жаңа Салық кодексі күшіне енеді. Онда БЖЗҚ-дан берілетін зейнетақы төлемдері, тұрғын үйге/емделуге біржолғы зейнетақы төлемдері (БЭТ) түріндегі кірістерді жеке табыс салығынан (ЖТС) босату көзделген. Алайда, бұл өзгерістің Қазақстан Республикасының резиденті емес тұлғаларға БЖЗҚ-дан берілетін төлемдерге еш қатысы жоқ.

Сондай-ақ, 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап өз пайдасына аударылған ерікті зейнетақы жарналары бойынша төлем көзінен салық салынуға жататын табыстан Салық кодексінде белгіленген шектерде қолданылатын салықтық шегерімдер де жойылады. Бұл ретте жұмыс берушінің Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына жұмысшының пайдасына аударған ерікті зейнетақы жарналары жеке тұлғаның табысы болып саналмайды (тиісінше, жеке табыс салығы салынбайды), ал жұмыс беруші үшін бұл шығыстар корпоративтік табыс салығын есептеу кезінде шегерімге жатқызылады. Яғни бұл жағдайда салықтық жеңілдікті жұмысшы да, жұмыс беруші де пайдалана алады.

«Созақ үні»-ақпарат.

Табиғатты таза ұстайық!

Әрбір азамат табиғат алдында өзін жауапты, барлық жануарды киелі санап, өзен, көл жағалауларын таза ұстап, бұлақ көрсе көзін ашып, жастайынан балаларының санасына сіңіріп, бойларын жақсылыққа үйреткен. Табиғат пен адам—біртұтас. Адамзат планетаның экологиясына назар аударуы керек. Көлік құралдары ауаны зиянды газдармен ластайды. Көптеген мұнай қалдықтары, су қоймаларына тасталуда. Бұл қалдықтар— өсімдіктер, жабайы аңдар, балықтар мен құстардың өліміне әкеліп жатыр. Бұның басты себепкері—адамдар. Экожүйені бұзу—өз үйімізді бұзғанмен бірдей. Қоршаған ортаға қамқорлық пен сүйіспеншілік қажет. Сонда ғана, адам табиғатпен үйлесімді өмір сүре алады. Планетадағы тіршілікті қорғау үшін бүкіл адамзаттың бірігуі қажет. 1987 жылы БҰҰ-ның Дүниежүзілік қоршаған орта мен даму комиссиясы «Біздің жалпы болашағымыз» атты есебінде «қоршаған орта үшін қауіпсіз жолда экономикалық дәуірге» аяқ басуға шақырды. Алғаш рет «тұрақты даму» концепциясы ұсынылды. «Тұрақты даму мақсаттары»—қазіргі уақыттың қажеттілігін қамтамасыз ете отырып, болашақ ұрпақтардың өзінің қажеттіліктерін қамтамасыз етуіне қауіп туғызбайтын даму. «Елімізде экология ұзақ уақыт бойы көзге көрінбейтін, қолға ұстауға келмейтін абстрактілі, екінші дәрежелі мәселе ретінде қабылданып келді. Алайда ол ел тұрғындарының денсаулығына тікелей әсер етеді. Әлемдік деңгейдегі адамзат алдындағы ғаламдық өзекті мәселелердің бірі экологиялық проблема.

Мағжан БАРЛЫБАЙ,
Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау мекемесінің орман күзетші-қорықшысы.

Аң аулауға рұқсат жоқ!

Табиғат — адамның ежелден бергі тіршілік етіп келген ортасы және мәңгілік мекені. Еліміздің табиғат байлығын өз қалпында сақтау, өсімдіктер мен жануарларды қамқорлыққа алу, санын молайту, су құстары мамырлайтын және қыстайтын орындар мен балық уылдырық шашатын өзен—көлдерді қорғау—бүкілхалықтық іс.

Бүгінгі күні жануарлардың белгілі бір түрлерін заңсыз атудың, аулаудың салдарынан құрып кету қаупі туындап отыр.

Жануарлар дүниесі де биосфераның құрамдас бір бөлігі. Жануарлардың табиғатта және адам өмірінде маңызы зор. Олар табиғаттағы заттар мен энергия айналымында негізгі рөл атқарады.

Халық даналығында халқымыздың табиғатқа жанашырлық қасиетін өте көп нәрселерінен байқауға болады. Табиғатқа адам әрекетінің әсері ерекше. Адам табиғатта шаруашылықтың қай түрімен айналысса да өсімдіктер мен жануарларға әсер етпей қоймайды.

Заңсыз аң аулаушылар «Қызыл кітапқа» енген аң-құсты аулау кезінде олардың арнайы кітапқа енгенін, ерекше қорғауда екенін біле тұра аулайды. Қасақана табиғатқа залал көлтіруге тырысады. Бас пайдасын көздейді. Тығылып аулап, жасырып сатады. Сондықтан олардың қасақана істелген әрекетіне сай, жаз да жеңіл болмауы керек.

Қорыта келе айтарым, ауданымыздағы орман алқаптарында болсын, басқа жерде болсын аң-құс атуға тыйым салынғанын еске саламын. Қолға түскен заңсыз аң атушылар қылмыстық жауапкершілікке тартылатынын ескерткім келеді.

Н.ЖҰПАРБАЙ,
Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау мекемесінің орман күзетші-қорықшысы.

Асқа шақыру



Асқар тау әкеміз, аяулы анамыздың сүйікті жары, немере-шөберелерінің атасы, Ұлы Отан соғысының ардагері, Созақ ауданының Құрметті азаматы, ардагер ұстаз **Мырзахмет Жылысбаевтың** өмірден озғанына 40 күнге жуықтапты.

Жүздің шығып тұрмын төбесіне, Мініп тұрмын келместің кемесіне. Арманым — ұрпағымды жалғастыру, Кейінге шегінемін мен несіне? Кезекті күтіп тұрмын жағасында, Тірі менен өлінің арасында. Пендеге туу — сүннеті, өлу — парыз,

Өлтірмейтін адамды қамал барма, Құдайдың құдіретіне амал барма.

Жақсы атың, жазған хаттың, ұрпағың қалса,

Жүз жасаған адамда арман барма?!—деген өлеңімен қош айтысқан марқұм әкеміз Жылысбаев Мырзахметтің рухына бағышталатын құраны мен **қырық күндік асы 18 қазан күні сағат 11-00-де** Қозмолдақ ауылы Тұрсын Төреханұлы көшесіндегі өз шаңырағында өтетіндігін ауылдастары, ағайын-туыстары мен құда-жежқаттарының, ол кісінің көзін көрген замандастарының есіне саламыз. Құран ішінде болыңыздар!

Асқа шақырушылар: Жылысбаевтар әулеті.

«№1 колледж» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының ұжымы және кәсіподақ ұйымы колледждің ағылшын тілі пәнінің мұғалімі Тагиева Жейран Қадырқызына енесі

Атажиева Ибадат Тоқтанқызының қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Шу ауылдық округі жергіліктіқоғамдастық жиынына қатысу үшін өкілдерді сайлау мақсатында ауыл, шағын аудан, көше тұрғындары жергілікті қоғамдастығының бөлек жиындары өткізіледі.

«Созақ ауданының Шу ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ.

Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарының Шу ауылдық округінде өтетін орны, күні және уақыты

қ/с	Бөлек жиын өтетін көшелер	Өтетін уақыты	Жиынның өтетін орны
1	Тәуке хан, Б.Серікбаев көшелері	27.10.2025 ж Сағ:10:00	Б.Серікбаев көшесіндегі спорт алаңшасы жанында
2	Т.Салқауов, Қ.Сәтбаев көшелері	27.10.2025 ж Сағ:11:00	Мәдениет үйінің жанында
3	Абай, Наурыз көшелері	27.10.2025 ж Сағ:12:00	Абай көшесіндегі спорт алаңшасы жанында
4	Әйтеке би, Т.Әубәкіров С.Мұқанов көшелері	27.10.2025 ж Сағ:15:00	Ауылдық мешіттің жанында
5	А.Иманов, М.Иманбекұлы көшелері	27.10.2025 ж Сағ:16:00	Ауылдық ФАП-тың жанында

Ботулизм қалай таралады?

Бұл жерде табиғи жағдайда болатын «Clostridium botulinum» бактериялары тудыратын бұлшықет параличине әкелетін сирек кездесетін ауру. Ботулизмнің үш негізгі түрі бар: тағамдық, балалар және жаралар.

БОТУЛИЗМ ҚАЛАЙ ТАРАЛАДЫ?

Сіз ботулизмді жұқтырған тамақты жегенде немесе жараға бактериялар жұқтырған кезде жұқтыра аласыз.

БОТУЛИЗМ СИМПТОМДАРЫ

Ботулизм белгілері токсинге ұшырағаннан кейін бірнеше сағаттан бірнеше күнге дейін пайда болады, бұл токсиннің ағзаға қанша түскеніне байланысты. Токсиннің ағзаға өну әдісіне қарамастан, оның нәтижелері бірдей. Ауру намаған сайын келесі белгілер пайда

болуы мүмкін: көздің қосарлануы немесе бұлыңғыр көру, қабақтың ауырлығы, бұлыңғыр сөйлеу, жұтылу қиындықтары, құрғақ ауыз және бұлшықет әлсіздігі (иықтан басталып, бүкіл денеге таралады). Нәтижесінде тыныс алу бұлшықеттерінің сал ауруы пайда болады, бұл науқастың өліміне әкеледі.

ТАҒАМДЫҚ БОТУЛИЗМ
Азық-түлік ботулизмі адамдарда токсинді шығаратын бактериялармен лас-танған тамақты жеген кезде пайда болады. Бұл әдетте үйде сапасыз консервілеу нәтижесінде пайда болады. Бастапқы белгілерге жүрек айну және құсу кіруі мүмкін. Азық-түлік ботулизмі кез-келген топта пайда болуы мүмкін және денсаулық сақтау үшін төтенше жағдай болып табылады, өйткені

басқа адамдарға жұқтырудың алдын алу үшін жұқтырған тағамның көзін анықтау қажет.

БОТУЛИЗМНІҢ АЛДЫН АЛУ:

Ботулизмнің қоздырғышы қоршаған ортада кең таралған, сондықтан бұл аурудың алдын алу қиын. Көшедегі сауда орындарында үйде консервілеу өнімдерін сатып алмаңыз. Үйде саңырауқұлақтарды, ет, балық, шөптерді сақтауды ұсынбаңыз. Қызмет көрсетер алдында үйдегі консервілерді дұрыс сақтау және тиісті температуралық өңдеу өте маңызды. Зақымдану және ісіну немесе ағып кету көріністері бар консервілерден бас тарту керек. Көкөністермен жемістерді тұтынар алдында мұқият өңдеңіз.

Вакцинаның тиімділігі

Вакцина — адамның ағзасында белгілі бір инфекцияға қарсы иммунитет (қорғаныс қабілеті) қалыптастыратын биологиялық препарат. Вакцинация — жұқпалы аурулардың алдын алудың ең тиімді және қауіпсіз тәсілі.

Вакцинаның тиімділігі неде?

-Ағзаны қауіпті вирустар мен бактериялардан қорғайды;
-Аурудың ауыр өтуін және асқынуын болдырмайды;
-Қоғамдық иммунитет қалыптастырып, аурудың таралуын тежейді;
-Кейбір ауруларды (мысалы, шешек) мүлде жойып жібереді.

Вакцина алудың маңызы:

-Балаларды және ересектерді қауіпті инфекциялардан қорғау;

-Әр адамның екпе күнтізбесін уақытында орындау;

-Дәрігердің кеңесімен екпе алу.

Қорытынды:

Вакцина—денсаулықты сақтаудың сенімді қалқаны. Екпе алу—өз өміріңді және қоғамның қауіпсіздігін қорғау.

Вирусты гепатит А алдын алу

Вирусты гепатит А—бауырды зақымдайтын жұқпалы ауру. Оны гепатит А вирусы қоздырады. Ауру көбіне лас су, жуылмаған тағам немесе кір қол арқылы жұғады.

Негізгі белгілері:

-әлсіздік, тәбеттің төмендеуі,

-жүрек айну, құсу,

-дене қызуының көтерілуі, тері мен көздің сарғаюы.

Жұғу жолдары:

Гепатит А—«лас қол ауруы». Вирус науқастың нәжісімен сыртқы ортаға түсіп, суды немесе тағамды

ластайды.

Алдын алу шаралары:

-қолды жиі және сабындап жуу,

-тек таза суды пайдалану, тағамды дұрыс сақтау және өңдеу,

-гепатит А-ға қарсы вакцина алу.

Қорытынды:

Гепатит А—көбіне балалар мен жастар арасында тарайтын, бірақ алдын алуға болатын ауру. Гигиена мен вакцина—ең сенімді қорғаныс.

Листериоз туралы

Листериоз — Listeria monocytogenes бактериясы тудыратын жұқпалы ауру. Ол адам ағзасына көбінесе лас-танған тағам арқылы түседі. Ауру жүкті әйелдер, нәрестелер, қарттар және имунитеті төмен адамдар үшін ерекше қауіпті.

Негізгі белгілері:

-дене қызуының көтерілуі, -әлсіздік, бас ауруы, -бұлшық еттердің ауыруы, -жүрек айну, іштің ауыруы, -ауыр түрінде—жүйке жүйесінің зақымдануы (менингит, сепсис).

Жұғу жолдары:

Листериоз—шікі немесе дұрыс өңделмеген тағамдардан (ет, сүт өнімдері, көкөніс, балық) және лас қол арқылы жұғады.

Алдын алу шаралары:

-тағамды мұқият пісіру және сақтау,

-шікі және дайын тағамды

бөлек ұстау,

-пастерленбеген сүт ішпеу,

-жеміс-жидекті жақсылап

жуу,

-жеке гигиенаны сақтау.

Қорытынды:

Листериоз—тағам арқылы жұғатын қауіпті инфекция. Оның алдын алу үшін таза-лық пен дұрыс тамақ дайындау ережелерін сақтау — ең сенімді қорғаныс.

Х.ОСПАНОВ,
Созақ аудандық СЭБ басқармасының басшысы.

МҰҒАЛІМНІҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІ-НӘТИЖЕЛІ БІЛІМ БЕРУДІҢ НЕГІЗІ

Мемлекеттік білім беру бағдарламасында жоғары білім мен ғылымды ұштастырып жүргізу жан- жақты көрсетілген. Осы міндеттерді жүзеге асыруда, біріншіден, педагогтің кәсіби біліктілігін арттыру, екіншіден, оқушылардың оқу танымдық қажеттілігін ұйымдастыруда пән мұғалімдерінің кәсіби қызыреттілігін дамыту талаптарын күшейту басты назарда болуы тиіс. Аталмыш міндеттер білім берудің маңызды құрылымдық-мазмұндық компоненттерін шығармашылықпен жоспарлауды және реформалауды талап етеді.

2020–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламада біліктілікті арттыру курстары педагогтердің кәсіби дамуының маңызды бөлігі ретінде қарастырылған. Біліктілікті арттырудың басты мақсаты—педагогтердің біліктілігін арттыру арқылы олардың кәсіби деңгейін көтеру, жаңа білім алуға, дағдылар мен қызыреттерін жетілдіруге мүмкіндік жасау болып табылады. Педагогтердің біліктілігін арттыру курстары – кәсіби дамудың тиімді нысаны. Курс барысында берілетін кәсіптік оқыту және тәжірибелік жұмыстар мұғалімдердің кәсіби шеберлігін арттыруға бағытталған. Мұғалім өз тәжірибесін саралап, жетілдіріп, оқыту сапасын арттыру үшін рефлексиялық дағдыларын дамытып отыруы тиіс. Сонымен қатар жаңа педагогикалық әдістерді енгізуде әріптестік қатынасты орнату да маңызды.

Әр мұғалім өз тәжірибесін саралап, жетілдіріп, оқыту сапасын арттыру мақсатында жаңа әдіс-тәсілдерді қолдана білуі керек. Мұғалім рефлексиялық әрекет арқылы сабақтың нәтижесін талдап, өз ісіне түзетулер енгізеді.

Сабақтан кейін мұғалім өткізген сабағына талдау жасап, өз ой-пікірін ортаға салуы қажет. Бұл үдеріс мұғалімге кәсіби шеберлігін жетілдіруге, келесі сабақтарда туындаған қиындықтарды шешуге мүмкіндік береді.

Педагог рефлексиясы—өзінің іс-әрекетін бағалау, талдау және жақсарту үдерісі. Ол үшін мұғалім өткен жұмысты талдау, жетістіктер мен кемшіліктерді анықтау, әр жұмыс күнінің нәтижесін сараптау және қажет болған жағдайда түзету енгізу, сабақ барысын бақылау, оқушылардың белсенділігін бағалау, әріптестермен өзара тәжірибе алмасу және кәсіби пікір алмасу, қарым-қатынас мәдениетін дамыту, әріптестерімен және оқушылармен тиімді байланыс орнату, нақты жағдайтта өзінің әрекетіне талдау жасай білу сияқты қадамдарды орындауы тиіс.

Рефлексиялық әрекеттерді меңгерген, аталған қағидаттарды ұстанып өз дамуының субъектісіне айналған мұғалім ұстаздық шеберліктің шыңына жетеді деуге болады.

Уақыт талабына, замана талғамына сай ұрпақ тәрбиелеу—білікті де білімді, қызыретті, жауапкершілігі мол ұстаздардың қолында. Егеменді еліміздің ертеңі—білімді, бәсекеге қабілетті жастар. Бүгінгі жас—ертеңгі ел тұтқасы.

«Келешек мектептері»—бұл оқушылардың жеке әлеуетін дамытатын жаңа форматтағы мектептер. STEM, IT, шығармашылық студиялар, спорт залдары және цифрлық платформалар арқылы білім беру заманауи талаптарға сай жүргізіледі. Осыған орай мұғалімдер кәсіби шеберлігін үздіксіз жетілдіруде. Қорыта айтқанда, табысты инновациялық педагогикалық менеджмент педагогтердің жоғары жетістіктерге жетуге ымытылуымен, кәсіби кемелденуімен, оқытушылар құрамының басым бөлігінің өзін-өзі жетілдіруге және дамытуға ынталануымен сипатталатын білім беру ордасында ғана мүмкіндік болады. Ұжымда қолайлы психологиялық ахуалды және құндылықтар жүйесін қалыптастырудағы басты рөл басшыға тиесілі. Ол өзінің үлгі-өнегесімен, кәсіби қызметке деген көзқарасымен педагогтердің қызметіндегі жетістіктерін дамыта отырып, табысты мектепке айналдырады.

Рауан НАЗАРОВ,
Ы.Алтынсарин атындағы жалпы білім беретін мектеп директорының бейінді оқу жұмысы жөніндегі орынбасары.



«Қарт қазынам-елдегі қырандарым, Ұрпағыңа жазылар ұрандарың»

Қазақ халқында «Қарт адам-қазына» деген әдемі сөз бар. Сөз басын осы сөзбен бастауды жөн көрдім. Себебі, қарты бар ел әрқашан биікте және алдында қарты бар адамның әркез жолы ашық. Шаңырақтың шатығын сақтап, берекесін кіргізіп, бірлігін бекем ұстайтында- осы кісілер. Қазақ халқы әркез үлкенді құрметтеп, жолын сыйлап, үнемі батасын алып жүргенді жақсы көреді және оны әдетке айналдырған десекте қателеспейміз.

Қазақта «Ата-бәйтерек, бала-жапырақ» деген керемет сөз бар емес пе?! Менің бәйтерегім атам болса, сол бәйтеректің жапырағы, ұрпағы мына біздер. Менің бәйтерегім ақын, ел басқарған ел ағасы, көпке сыйлы- Мыңжасар Асқаров. Ата-әжем біздің қазынамыз. Атам жас кезінен қызметте болып ел басқарған, ал әжем дәрігер болып, қаншама адамды емдеп, жылы сөзімен адамдарға жан тыныштығын сыйлаған жан. Сондай жандардан шыққан мына біздің жаман адам болуға хақымыз жоқ деп білемін. Қарттар-біздің ақылшы, жанашыр-

ларымыз. Осы тұста Ы.Алтынсарин атындағы жалпы білім беретін мектеп КММ-нің мұғалімі ретінде 1-қазан Қарттар күніне ашық тәрбие сағатын өткізуді жөн көрдік. Мақсатымыз: оқушыларға қарт кісілердің орны әркезде де төр екенін, ол кісілердің біздің өмірімізде бар болуының өзі үлкен бақыт екенін түсіндіру болды.

Жол көрсетіп отыратын қасыңда,

Қариялар қымбат жандар расында.

Шаңырағында қарты бардың, бірсеңіз,

Тәжі болар жарқыраған басында.

Құтты мекен Шолаққорған елінде,

Шәмші жырға қосқан Созақ жерінде,

Қос мәуелі бәйтерегім тамырың,

Кең жайған шүкір деймін менің де.

Назарына халықтың көп еленіп,

Сый құрметке қошеметке кеңеліп,

Ата әжем айналумен абызға,

Отыр бұл күн ықыласқа

бөленіп.

Атам ақын елдің күйін жырлаған,
Әкім болып елдің үнін тыңдаған.

Ақ халатты дәрігер боп ал апам,

Алтын қолмен жанды емдеген мыңдаған.

Дұғаменен ата тұғын ақ таңы,

Жылы сөзге бола тұғын шат жаны,

Берекесін ұйыттырған әр үйдің,

Аман болсын қазағымның қарттары!

Ендеше, көпті көрген асыл қазыналарымыз мықты денсаулықпен бақытты күн кешіп, үнемі біздің алдымызда жол көрсетушіміз болып, халқына сүйеу, жұртына қамқор болып, немере мен шөберелерінің қызығын көретін күн кешкей!

Құралай МЫҢЖАСАР,
Ы.Алтынсарин атындағы жалпы білім беретін мектебінің бастауыш сынып мұғалімі.

Үлкендерден үйренеріміз көп



«Адал азамат» біртұтас бағдарламасы «Қамқор» жобасы аясында «Ы.Алтынсарин атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ-нің 4 «F» сыныбының ерікті оқушылары, сынып оқушылары мен жетекшісінің ұйымдастыруымен Халықаралық Қарттар күні мерекесіне орай «Белсенді ұзақ өмір және тең қоғам» әлеуметтік орталығына барып, қарттарымыздың құрметіне «Қарттарым-асыл қазынам» тақырыбында іс-

шара өтті.

Аталмыш шараның мақсаты оқушыларға үлкенге құрмет көрсету мен кішіге ізет етуді үйрету, өсиетке толы ақыл-кеңестерін тыңдай білуді үйрету, аталы сөзден ғибрат алуды, ұлттық құндылықтарымызды дәріптеуді, жақсы мен жаманды ажыратуды үйрету. Елін, қарттарын сыйлайтын саналы, салиқалы ұрпақ тәрбиелеу болатын.

Іс-шара барысында қарттарымызға арнап әнби шашуларын шашып, «Немереңізді еркелетіңізші» ойыны мен «Қариямен сыр-сұхбат» айдары аясында кездесу өткізілді. Ата-әжелерімізге оқушылардың өз қолдарымен жасаған сыйлықтарын тарту етті. Созақ ауданының Құрметті азаматы Аманбек Мұсабеков атамиз бен аудандық ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары Иманбеков Мұхаммедәлі ағай және де «Белсенді ұзақ өмір және тең қоғам» әлеуметтік орталығының директоры Оспанов Марат Әбілқайырұлы сөз сөйлеп, жас жеткіншектерге ақыл-кеңестерін айтып, жүрегінен шыққан ізгі-ниеттерін білдіріп, ақ баталарын берді.

Нұрилла ТҰРСЫНОВА,
Ы.Алтынсарин атындағы жалпы білім беретін мектептің мұғалімі.

Сенімгерлік басқарушы:

"Agro-sozak" ЖШС

Меншік иесі-

"Созақ үні" газеті редакциясы"
жауапкершілігі шектеулі
серіктестігі

Директор:
Абилпаттаев Ержан
Бакытжанович

Бас редактор:
Мақсат Қарғабай

Жауапты хатшы:
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ

Редакция құрамы:
Аға тілші-
Данияр БЕКОВ
Тілші
Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ
Дизайнер-
Асхан БАҚТЫБАЕВ
Терімші-
Бағила АЯЗБАЕВА
Фототілші-
Құрмаш Тұрғанов

Қолжазбалар еңделеді, қайтарыпмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданады.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылғанымен, ақпарат агенттігі және желілік басылғанды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта аптасына 2 рет шығады
Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы: 161000, Шолаққорған ауылы, С.Қожанов көшесі 68, байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс №
таралымы -
3200 дана

Кезекші редактор:

Н.Шертаев